



Д.Е. Амиргалиев

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясы,
Алматы, Қазақстан
(adidar-83@mail.ru)

Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастырудың әдістемесі

Мақалада Ұлы дала батырлар институты дәстүрлерінің негізінде курсанттарға тәрбиелік-идеологиялық заңдылықтар мен ұстанымдарға негізделген патриоттық құндылықтарды қалыптастыру үдерісінің толықтай сипаттамасы ашып көрсетілген. Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастырудың әдістемесінің өзара байланысты ұйымдастырушылық-ақпараттық, мазмұндық және нәтижелік кездерінің мақсаттары мен міндеттері ашылған. Қалыптастыру барсында қолданылған әдістер мен тәсілдердің бағытталғаны айқындалды. Курсанттарды Отанын сүйуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық дәстүрлерінің құндылығын дәріптеуге, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде әлеуметтік-мәдени жағдайдың сұранысына бағытталған, автордың зерделеу барысында әзірленген әдістемелік нұсқаулықтың құрылымдылық сипаты берілген.

Кілт сөздер: патриоттық құндылықтар, қалыптастыру әдістемесі, үдерістік модель, кезен, құндылықтар.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының білім беру бағдарламалары, қоғамның бүгінгі күнгі талабы алдағы уақытта әрбір адамды Отанын сүйуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық дәстүрлерінің құндылығын дәріптеуге, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде әлеуметтік-мәдени жағдайдың сұранысына сай, әскери білім алушыларының өз ұлтының патриоты, мемлекетіміздің болашағы үшін алған білім мен үйренген тәжірибесін еліміздің әлеуметтік-мәдени деңгейін көтеруге жұмсайтын ар-ожданы мен ерлік рухы биік маман тәрбиелеу, кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің біріне айналуға.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанға» берген сұхбаты осыған бұлтартпас дәлел. Сұхбатта халықтың көкейіндегі шешімі толық айтылмаған сұрақтарға нақты да анық жауаптар берілген. Айтылған мәселелер курсанттарды озық ойлы ұлт өкілі ретінде дамыту мақсатына бар зияткерлік әлеуетімізді жұмылдырып, ғылым мен білім саласының элитасын қалыптастыруға күш-жігерімізді аямай

ат салысу қажет деп ұғынамыз. Жаңа Қазақстанның жас ұрпағына тәрбие беруде болашақта оның озық ойлы ұлт өкіліне айналу үшін бойында **логикалық ойлау, тарихи сана мен мемлекетшілдік** жүйелі түрде қалыптасуына ықпал ету қажеттілігі туындағаны айтылды [1].

Әскери, арнаулы оқу орындарында (бұдан әрі-ӘАОО) нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру қатынасын қабылдауда мәселелері алға қойылып, тәрбиелік-идеологиялық заңдылықтар мен ұстанымдарға негізделген әскери жедел-қызметтік іс-қимыл әрекеттерін дамытуда мәдени мекемелер мен көрнекті ақпараттық құралдары мен құнды тарихи деректер, бейнежазба және фото материалдарын, техникалық ақпараттар мен ақпараттық ресурстарын тиімді пайдалану арқылы қазақ елінің тарихи дәстүрі мен мәдениетін тереңінен насихаттап, мемлекеттік және азаматтық ұстанымдар мен өз елі алдындағы жауапкершілікті түсініп, Отанға, оның тарихи-мәдени мұраларына, тілі мен діліне, дәстүрі мен әдет-ғұрпына, мемлекеттік рәміздеріне адалдық пен құрметті қалыптастыру бағыты көзделеді.

Сонымен қатар, 2024 жылғы 15 наурызында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында идеологиялық тұжырымдалар және оның негізгі бағыттарына Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ынтымақ, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық ұғымдарын жатқызғаны көрініс алды [2].

Зерттеу әдістері

Зерттеудің негізі жалпы ғылыми және теориялық зерттеу әдістері, жүйелік тәсіл, салыстырмалы талдау, тарихи педагогикалық талдау әдістері болып табылады. Зерттелетін мәселе олардың жұмысына тікелей әсер ететін негізгі байланыстар мен қатынастарды ескере отырып, олардың дамуында жан-жақты талдауға ұшырады.

Жүйелік тәсіл зерттеу объектісін жүйе ретінде қарастырады, оның элементтерін анықтайды, олардың арасындағы байланыстарды жіктейді және ұйымдастырады, көптеген байланыстардан жүйе құрушыларды ажыратады, яғни жүйеге әр түрлі элементтердің қосылуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, аталған тәсіл мен әдістер осы зерттеу үшін негіз болып табылады.

Негізгі бөлім

Патриоттық тәрбие әр мемлекетте адамгершілік тәрбиенің негізгі бір бағыты болып саналады. Мемлекет пен ұлт жан-жақты даму бағытында заман



ағымына сай саналы түрде жастардың патриоттық ой санасын жетілдіру, игілікті іс-әрекеттерге ұмтылу қабілеттерін қалыптастыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Жастардың ұлттық өзіндік санасы мен өз еліне деген құрмет пен жігерлілікке тәрбиелеудің өзекті проблемалары жалпы патриоттық тәрбиенің қарастыратын ауқымды мәселесін ашып береді.

Біз *патриоттық құндылықтарды қалыптастыруды* оқу заставасының офицерлері мен курсанттардың патриоттық сезімдерін дамытуға, патриоттық сенімдер мен патриоттық тұрақты нормаларды, мінез-құлықтарды қалыптастыруға бағытталған өзара әрекеттесу процесі ретінде қарастырамыз.

Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттарға патриоттық құндылықтарды қалыптастыру проблемасы бойынша әскери, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау қалыптастыру әдістемесін курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру жүйесі ретінде теорияны практикамен байланыстыра отырып, ӘАОО-нда курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру үдерісінің заңдылықтары мен ұйымдастырылуын ескере отырып, педагогикалық процесті басқару құралдары, әдіс-тәсілдерді құралдық жүйеге келтіруге мүмкіндік беретінін көрсетті және әдістерді реттелген әрекеттер жүйесіне проекциялауға мүмкіндік береді.

Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастырудың әдістемесі Шекара академиясында жүйелік, тарихтық, көп парадигмалық, аксиологиялық әдіснамалық тұғырларына негізделіп отырып, мотивациялық-мазмұндық, жеке-тұлғалық, үдерістік және нәтижелік іс-әрекеттік компоненттерінің логикалық үйлесімінде құрылған.

Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыруда жетекші рөлі педагогтар мен курсанттардың өзара әрекеттесу процесінде тікелей практикалық іс-әрекетке және оның интеграциясына беріледі.

Қалыптастыру процесі курсанттардың жастық және жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, мотивациясы мен рефлексиясы негізінде жүзеге асырылады [3] және құқықтық, ұйымдастырушылық және курсанттардың патриоттық дамуына, жеке тұлғасын және азаматтық тұлғасын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік шаралар және педагогтар (оқу дивизиондарының офицерлері) мен курсанттардың арасындағы субъект-субъектілік өзара әрекеттестік жүйесі ретінде модельденді.

Әдістеме мақсаты: ӘАОО білім беру жүйесінде курсанттар арасында Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері негізінде патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға педагогикалық қолдау көрсету.

Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастырудың әдістемесі (1-кесте) өзара



байланысты үш кезеңнен тұрды: ұйымдастырушылық-ақпараттық, мазмұндық және нәтижелік.

1-Кесте. Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастырудың әдістемесі.

кезен	мақсаты	міндеті	әдістемелік қамтамасыз ету	күтілетін нәтиже
ұйымдастырушылық-ақпараттық	<p>Патриоттық құндылықтар туралы нақты білім жүйесін қалыптастыру, патриоттық құндылықтардың теориялық негіздерін меңгеруге мотивациялық көзқарасты, курсанттардың патриоттық санасын дамыту.</p>	<p>Ұстаным қалыптастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР ҰҚК Әскери қызметшілерінің құқықтары мен міндеттері, мінез-құлық нормалары туралы білімді, Ұлы дала батырлар институты дәстүрлерінің тарихын, ұлттық мәдениетін білуге; - «Қоғамдық қарым-қатынас», «Азаматтық парыз» түсінігін қабылдау мінезі мен қарым-қатынас мәдениетінің дамуы мен психологиялық тұрақтылыққа; - «Отанды сүйю», «Атамекен тарихы», түсінігі туралы ақыл-ойы, дүниетанымы мен көзқарасына; - белгілі бір әскери саласындағы басты ағымдарды бағдарлау түсінігіне; - патриоттық құндылықтар туралы ойшылдар мен ағартушылар еңбектеріне өз бетінше шолу жасауға; - «Мәдени салт-дәстүрлер» туралы өнегелік ілімге; - Ұлы дала батырлар дәстүрлері институты туралы тарихи деректер мен ғылыми еңбектерге ізденістер жүргізуге. 	<p>Сұхбаттар, пікірталастар, ойындар, жарыстар</p>	<p>Қалыптасуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР ҰҚК Әскери қызметшілерінің құқықтары мен міндеттері, мінез-құлық нормалары туралы білімді, Ұлы дала батырлар институты дәстүрлерінің тарихын, ұлттық мәдениетін білімі; - «Қоғамдық қарым-қатынас», «Азаматтық парыз» түсінігін қабылдау мінезі мен қарым-қатынас мәдениетінің дамуы мен псих-қ тұрақтылық; - «Отанды сүйю», «Атамекен тарихы», түсінігі туралы ақыл-ойы, дүниетанымы мен көзқарасы; - белгілі бір әскери саласындағы басты ағымдарды бағдарлау түсінігі; - патриоттық құндылықтар туралы ойшылдар мен ағартушылар еңбектеріне өз бетінше шолу жасауы; - «Мәдени салт-дәстүрлер» туралы өнегелік ілімі; - Ұлы дала батырлар дәстүрлері институты туралы тарихи деректер мен ғылыми еңбектерге ізденістер жүргізуге.



мазмұндық	<p>Курсанттардың патриоттық сезімін, жеке көзқарасын дамыту, адамгершілік құндылықтарды анықтау, қоғамдық белсенділікпен қызметтік және күнделікті іс-әрекеттегі жауапкершілігін арттыру.</p>	<p>Дамыту:</p> <ul style="list-style-type: none"> - күнделікті қызметте өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру қабілеттері; - Ұлы дала батырлар институты дәстүрлерінің тарихы, ұлттық мәдениеті туралы білімін; - «қоғамдық қарым-қатынас», «Азаматтық парыз» түсінігін қабылдау мінезі мен қарым-қатынас мәдениетіні мен психологиялық тұрақтылығын; - «Отанды сүйю», «Атамекен тарихы», түсінігі туралы ақыл-ойын, дүниетанымын; - белгілі бір әскери саласындағы басты ағымдарды бағдарлау түсінігін; - патриоттық құндылықтар туралы ойшылдар мен ағартушылар еңбектеріне өз бетінше шолу жасау қабілетін; - «Мәдени салт-дәстүрлер» туралы өнегелік ілімін; - Ұлы дала батырлар дәстүрлері институты туралы тарихи деректер мен ғылыми еңбектерге ізденістер жүргізу қабілетін. 	<p>Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясының оқыту және тәрбие беру үдерісінде «Курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру» әдістемелік нұсқаулығын жүзеге асыру</p>	<p>Қалыптасуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР ҰҚК Әскери қызметшілерінің құқықтары мен міндеттері, мінез-құлық нормалары туралы білімді, Ұлы дала батырлар институты дәстүрлерінің тарихын, ұлттық мәдениетін білімі нақты; - «қоғамдық қарым-қатынас», «Азаматтық парыз» түсінігін қабылдау мінезі мен қарым-қатынас мәдениетінің дамуы мен псих-қ тұрақтылығы жоғары; - «Отанды сүйю», «Атамекен тарихы», түсінігі туралы ақыл-ойы, дүниетанымы мен көзқарасы жоғары деңгейде; - белгілі бір әскери саласындағы басты ағымдарды бағдарлау түсінігі жоғары деңгейде; - патриоттық құндылықтар туралы ойшылдар мен ағартушылар еңбектеріне өз бетінше шолу жасау қабілеті жоғары дамыған; - «Мәдени салт-дәстүрлер» туралы өнегелік ілімі жоғары; - Ұлы дала батырлар дәстүрлері институты туралы тарихи деректер мен ғылыми еңбектерге ізденістер жүргізу қабілеті жоғары.
нәтижелік	<p>Патриоттық құндылықтарды саралау, патриоттық өзін-өзі таныту және патриоттық құндылықтарды қабылдау.</p>	<p>Болашақ офицерлердің күнделікті және кәсіби қызметінде патриоттық құндылықтарды дамытуға және қызметтік міндеттерін тиімді орындауға қажетті жеке қасиеттерді ынталандыру, белсендіру және жетілдіру</p>	<p>Сұхбаттар, пікірталастар, ойындар, оқу-тәжірибелік сабақтар, жарыстар</p>	<p>Курсанттардың бойындағы Ұлы дала батырлар дәстүрлері институты негізінде патриоттық құндылықтардың, мінез-құлықтардың және тұлғалық қалыптасуы</p>

Қалыптастыру әдістеменің әрбір кезеңі нақты тапсырмаларды қоюды, мазмұнын, жұмыс формаларын, әдістерін және күтілетін нәтижелерді жобалауды қамтыды. Кезеңнің соңында қойылған міндеттерді шешудің сәттілігін бағалау үшін курсанттардың патриоттық құндылықтарының қалыптасуына диагностика жүргізілді.

Әдістемелік мақсатқа сәйкес Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру үдерісі осы кезеңдерді өткізу логикасында құрылды және мыналар арқылы жүзеге асырылды:

- Патриоттық құндылықтар туралы нақты білім жүйесін қалыптастыру, патриоттық құндылықтардың теориялық негіздерін меңгеруге мотивациялық көзқарасты, курсанттардың патриоттық санасын дамыту [4];

- Курсанттардың патриоттық сезімін, жеке көзқарасын дамыту, адамгершілік құндылықтарды анықтау, қоғамдық белсенділік пен қызметтік және күнделікті іс-әрекеттегі жауапкершілігін арттыру;

- Патриоттық құндылықтарды саралау, патриоттық өзін-өзі таныту және патриоттық құндылықтарды қабылдау (1-сурет).



1-сурет. Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері негізінде Шекара академиясы курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру әдістемесінің үдерістік моделі.

Бірінші кезеңнің негізгі міндеттері:

- ҚР ҰҚК Әскери қызметшілерінің құқықтары мен міндеттері, мінез-құлық нормалары туралы білімді, Ұлы дала батырлар институты дәстүрлерінің тарихын, ұлттық мәдениетін білуге;

- «қоғамдық қарым-қатынас», «Азаматтық парыз» түсінігін қабылдау мінезі мен қарым-қатынас мәдениетінің дамуы мен психологиялық тұрақтылыққа;

- «Отанды сүйю», «Атамекен тарихы», түсінігі туралы ақыл-ойы, дүниетанымы мен көзқарасына;

- белгілі бір әскери саласындағы басты ағымдарды бағдарлау түсінігіне;

- патриоттық құндылықтар туралы ойшылдар мен ағартушылар еңбектеріне өз бетінше шолу жасауға;

- «Мәдени салт-дәстүрлер» туралы өнегелік ілімге;



- Ұлы дала батырлар дәстүрлері институты туралы тарихи деректер мен ғылыми еңбектерге ізденістер жүргізуге курсанттардың ұстанымдарын қалыптастыру кірді.

Аталған міндеттер курсанттардың күнделікті іс-әрекеті барысында Шекара академиясының оқу-тәрбиелік үдерісі аясында және Шекара академиясында өткізілген әскери-патриоттық (сұхбаттар, пікірталастар, тақырыптық кештер, дөңгелек үстел, атақты адамдар мен заманауи қаһармандармен кесдесуле және т.б.) іс-шаралар барысында жүзеге асырылды.

Екінші кезеңнің негізгі міндеттері:

- күнделікті қызметте өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру қабілеттері;
- Ұлы дала батырлар институты дәстүрлерінің тарихы, ұлттық мәдениеті туралы білімін;
- «қоғамдық қарым-қатынас», «Азаматтық парыз» түсінігін қабылдау мінезі мен қарым-қатынас мәдениетіні мен психологиялық тұрақтылығын;
- «Отанды сүйю», «Атамекен тарихы», түсінігі туралы ақыл-ойын, дүниетанымын;
- белгілі бір әскери саласындағы басты ағымдарды бағдарлау түсінігін;
- патриоттық құндылықтар туралы ойшылдар мен ағартушылар еңбектеріне өз бетінше шолу жасау қабілетін;
- «Мәдени салт-дәстүрлер» туралы өнегелік ілімін;
- Ұлы дала батырлар дәстүрлері институты туралы тарихи деректер мен ғылыми еңбектерге ізденістер жүргізу қабілеттерін;
- тарихи деректер мен қазақ халқының әдеби мұраларында батырлар бейнесінің сомдалуына талдау жүргізу қабілеттерін дамыту болды.

Аталған міндеттер курсанттардың күнделікті іс-әрекеті барысында Шекара академиясының оқу-тәрбиелік үдерісі аясында жүзеге асырылды.

Бұл кезеңде қолданылатын әдістемелік әдістер толықтай әзірленген Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясының оқыту және тәрбие беру үдерісінде «Курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру» әдістемелік нұсқаулығында көрсетілген әдістемелік материалдарды қолданып өткізілді: сұхбат, пікірталас, дөңгелек үстел, ойындар, тренингтер, экскурсиялар, жарыстар және т.б.

Осы кезеңде қолданылған **әдістемелік нұсқаулықты** толығырақ ашып көрсетейік.

«ҚР ҰҚК Шекара Академиясының курсанттарының Ұлы даланың батырлар институты дәстүрлері негізінде патриоттық құндылықтарын қалыптастыру» әдістемелік нұсқаулықтың негізгі міндеттері:

- патриоттық құндылықтар туралы білімін тереңдету;
- Ұлы даланың батырлар институты дәстүрлерінің тарихы мен қалыптасу кезеңдеріне шолу жасау;
- ӘАОО-да курсанттарға патриоттық тәрбие беру жұмысын жаңғырту;

- курсанттардың патриоттық танымын дамыту;
- патриотизм ұғымын кеңінен қарастыру;
- құндылық туралы жалпы түсінік қалыптастыру;
- патриоттық құндылықтарға талдау жасау;
- Ұлы даланың батырлар институтының дәстүрлерінің рөлі мен оларға сипаттама беру;
- бабалар өсиетін дәріптеу;
- ел қорғаған қазақтың батырларының тарихи болмысын ашып көрсету;
- Қазақстан және Ұлы Отан соғысы батырлар ерліктерін дәріптеу.

Аталған міндеттерді шешу барысында курсанттар патриоттық құндылықтар ұғымын жан-жақты талдау жасап, ұсынылған танымдық материалдармен [5] өз білімдерін толықтыруға, Ұлы даланың батырлар институтының дәстүрлері негізінде көне жазбалар мен шығармалар, тың деректер үлгілерімен танысып, батырлардың ержүрек, қаһармандық дәстүрлері туралы жалпы әскери қолбасшы болмысын зерделеуге мүмкіндіктер алады.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында кадрлық құрамды патриоттық, адамгершілік және рухани тәрбиелеуге және құқық бұзышылықтардың алдын алуға бағытталған жұмысты жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» (20.02.2024) Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 19-1 тармақшасына сәйкес күшіне енген бұйрық мазмұнында тәрбие және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру барысында негізге алынатын тәрбие және идеологиялық жұмыстарын ұйымдастыру құралдарын былайша сипаттап береді (2-кесте):

- мәдени-бос уақыт мекемелері (кинотеатрлар, театрлар, концерт залдары, мәдениет үйлері, ведомстволық клубтар, мұражайлар, кітапханалар);
- ақпараттық-тәрбие жұмысының бөлмелері;
- көрнекі ақпарат құралдары (стендтер, баннерлер, билбордтар, плакаттар, баспа басылымдары, бейне-және фотоматериалдар);
- техникалық құралдар (LED-экрандар, теледидарлар, мониторлар, проекторлар, мультимедиялық және басқа да жабдықтар);
- ақпараттық ресурстар, оның ішінде ҰҚО ақпараттық жүйелері.

Келтірілген әдістер қатары курсанттармен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда өз нәтижесін беріп, берілген ақпараттар негізінде тәрбиелік маңызы бар мағлұматтар алуына, оның мазмұнына талдау жүргізіп, сараптама үлгілерін ұсынуға себеп бола алады.

Осы келтірілген әдістердің тиімділігін саралай келе, біз ұсынылған әдістемені жүзеге асыруда бірнеше бағытта жоспарланған тәрбие іс-шараларының тиімділігін айқындап беретін төмендегі әдістерді сұрыптап алдық. Олар:



- дәріс, сұхбат, пікірталас, әңгімелесу, білгіштер сайысы, тематикалық кеш, кездесу кештері.

Ұсынылған әдістеменің мазмұнын береміз.

2-кесте. Тақырыптық мазмұны

№ р/с	Іс-шаралардың тақырыбы	Өткізілу түрі	Күтілетін нәтиже
1	Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Тәуелсіз мемлекетті қастерлеу туралы пайымы	дәріс, сұхбат	Ұлы даланың батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтар туралы білімді игеруге талпынысының көтерілуі
2	Патриотизм - ұлттық рухтың асқақ белгісі, Қазақстандық патриотизм	пікірталас	Ұлы даланың батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтарының қалыптасу маңыздылығын түсінуі
3	Құндылық туралы жалпы түсінік	дәріс, (сұхбат)	Ұлттық құндылықтарды (батырлық ұстанымы, Отаның, елің қорғауға жауынгерлік даярлығы) керек деңгейде білуі
4	Патриоттық құндылық ұғымына пайымдаулар және оны дәріптеу ұрпақ алдындағы міндетіміз	әңгімелесу	Ұлы даланың батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтардың қалыптасу үдерісіндегі білім жиынтығын қалыптастыру
5	Ұлы даланың батырлар институтының рөлі мен орны	пікірталас	Отанға батырлық қызмет етуі, өз елінің және өз халқының болашағы үшін жанқиярлыққа дайын болуы
6	Дәстүр түсінігінің маңызы	Викторина	Дәстүр туралы ережелер мен қалыптасқан түсініктер
7	Батырлар туралы тарихи жырлар	дәріс, (сұхбат)	Мінез-құлықтар мен қатынастарда курсанттардың патриоттық құндылықтар бағдарын меңгеру көрінісі (отансүйгіштік, жауапкершілік, әділдік, адалдық).
8	Эпостық жырлар	Брэйн-ринг	Отан, нам ыс, айбын туралы білім, біліктіліктерінің қалыптасуы
9	Ел қорғаған қазақтың батырлары[6]	білгіштер сайысы	Мінез-құлықтар мен қатынастарда курсанттардың патриоттық құндылықтар бағдарын меңгеру көрінісі (отансүйгіштік, жауапкершілік, әділдік, адалдық).
10	Ұлы отан соғысының батырлары	педагогикалық КТК	Курсанттардың патриоттық құндылықтарының қалыптасуына туған еліне, жеріне адалдық танытуы, өз халқының тарихи жетістіктеріне деген мақтаныш сезімдері, саяси қағидаттары, әлеуметтік сезімін ұстануы
11	Шығыстан шыққан батыр қыздар	тематикалық кеш	Курсанттардың патриоттық құндылықтарының қалыптасуына туған еліне, жеріне адалдық танытуы, өз халқының тарихи жетістіктеріне деген мақтаныш сезімдері, саяси қағидаттары, әлеуметтік сезімін ұстануы
12	Олардың есімімен шекара бөлімшелері аталған	атаулы заставалардың	Курсанттардың Ұлы даланың батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтар сапаларын әскери



		офицер-лерімен кездесу	кәсіби іс әрекетінде қолдана білу деңгейі
--	--	------------------------	---

Осылайша, ұсынылған әдістемелік нұсқаулық мазмұны ӘАОО жағдайында курсанттарға патриоттық құндылықтардың білім мен дағдыларын меңгеруде курсанттардың патриоттық құндылықтар туралы өз түсініктерін байытуға, жаңа білімімен қаруландырып, аясында өз елінің алдында әскери парызын орындауға талпынысын арттыруға сенімі мен санасын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, курсанттың Отан, айбын, ар-намыс; әскери парыз, борыш; адалдық, әділеттілік, өнегелік, ар-ұждан, ант беру дәстүрін сақтау; соғыс ісін жүргізу; батырдың ой-санасы хандық билікпен тығыз байланыста болуы, қару-жарақ қолдану дәстүрін сақтаудағы үлгілері оның жауынгерлік даярлығының қалыптасуына ықпал ететін батырлар туралы жырлар мен тарихи деректерде сипатталған батырдың кескін-келбеті ісіне сай болуына және мемлекет мүддесін қорғау мақсатын тұтынуына себеп болады.

Үшінші кезеңнің негізгі міндеті болып курсанттардың күнделікті және кәсіби қызметінде патриоттық құндылықтарды дамытуға және қызметтік міндеттерін тиімді орындауға қажетті жеке қасиеттерді ынталандыру, белсендіру және жетілдіру болды.

Осы міндетке қол жеткізу мақсатында курсанттардың күнделікті іс-әрекеті барысында Шекара академиясының оқу-тәрбиелік үдерісі аясында сұхбаттар, пікірталастар әңгімелесу, білгіштер сайысы, тематикалық кеш, кездесу кештері іс-шараларында жүзеге асырылды.

Шекара академиясында курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру әдістемесі мазмұнына кіретін әрбір іс-шара курсанттардың іс-әрекетін өзгерту негізінде берілген тапсырмаларды дәйекті жүзеге асыруға құрылды: қабылдау, интериоризациялау, қайта жаңғырту, талдау, жүйелеу.

Тәрбиелік іс-шараларын өткізудегі маңызды аспектісі болып курсанттарға патриоттық құндылықтарды қалыптастыру процесінің белсенді формаларын ұйымдастыру және олардың алдағы іс-әрекеттерінің мотивациясын ынталандыру болып табылады, өйткені патриоттық құндылықтарды қалыптастырудың табыстылығы бірінші кезекте мотивациясына байланысты.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, ұсынылған Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері негізінде курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыру әдістемесі тек патриоттық құндылықтарын қалыптастыруға ғана емес болашақ офицерлік қызметіне дайындыққа ықпал етті.



Қорытынды

Осылайша, Ұлы дала батырлар институты дәстүрлері арқылы курсанттардың патриоттық құндылықтарын қалыптасуының тәрбиелеу үдерісі педагогикалық жағдайлар кешенінде көрініс тапты.

Педагогикалық жағдайлардың кешенділігі әдіснамалық өзара байланысы мақсаттың даму нәтижесі, мазмұны, құрылымы есебінен қамтамасыз етілді және ӘАОО-да курсанттардың жеке тұлғалық қасиеттерін құндылықтар туралы ілімімен қаруландырылды. Курсанттардың қалыптасу үдерісі оның дамуының жоғары деңгейіне дәйекті түрде көшу арқылы жүзеге асырылды. Бұл мәселеге деген курсанттардың өз түсініктерін байыту, патриоттық құндылықтар туралы білімімен қаруландыру, оларда осы тақырып аясында өз елінің алдында әскери парызын орындауға талпынысын арттыруға сенімі мен санасы қалыптасты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қасым-Жомарт Тоқаев: Біз озық ойлы ұлт ретінде тек алға қарауымыз керек. Egemen Qazagstan. 3.01.2024 [Эл. ресурс]. Кіру режимі:- <https://egemen.kz/article/355466-qasym-zhomart-toqaev> . www.audit-it.ru (қаралған күні 03.11.2023).
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі. 2024 жылғы 15 наурыз. [Эл. ресурс]. Кіру режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaidyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727>www.audit-it.ru (қаралған күні 01.10.2024).
3. Иманбакаева М.Г. Компетентностный подход в патриотическом воспитании [Текст] / М.Г. Иманбакаева // Вестник ИГУ. – Каракол: 2012. – № 33. – С. 32–36.
4. Зинькевич Р.В. Формирование патриотизма и гражданственности у воспитанников военно-учебных заведений России: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 / Зинькевич Роман Васильевич. – М.: 2015. - 173 с.
5. Филиппченко С.Н. Формирование патриотической культуры курсантов в процессе обучения в военном вузе. дисс ... докт. пед. наук. 13.00.08. – Саратов: 2006.- 393 с.
6. Есмагамбетов К.Л. Батырлар тарихы – рухани байлығымыз\ \ Қазақ тарихы. – Алматы:, 2007. –№ 4, - Б.15-19.

Д.Е. Амиргалиев

Методика формирования патриотических ценностей курсантов на основе традиций института героев Великой степи

В статье раскрывается подробное описание процесса формирования у курсантов патриотических ценностей, основанных на воспитательно-идеологических закономерностях и позициях, на основе традиций института Батыров Великой степи. Раскрыты цели и задачи взаимосвязанного организационно-информационного, содержательного и результативного этапов методики формирования патриотических ценностей курсантов на основе традиций института Батыров Великой степи. Выявлена

направленность используемых в процессе формирования методов и приемов, любви курсантов к Родине, уважения к родному краю, популяризации ценности передовых традиций предков, укрепления дружбы во имя мира между народами в мире заложен конструктивный характер разработанного автором методического пособия, направленного на востребованность социокультурной ситуации.

Ключевые слова: патриотические ценности, методика формирования, процессная модель, этапы, ценности. Казах

D.E. Amirgaliev

The method of formation of patriotic values of cadets based on the traditions of the Institute of heroes of the Great Steppe

The article reveals a detailed description of the process of forming patriotic values for cadets based on educational and ideological patterns and principles based on the traditions of the Institute of Heroes of the Great Steppe. On the basis of the traditions of the Institute of batyrs of the Great Steppe, the goals and objectives of the interrelated organizational, informational, substantive and productive stage of the methodology for the formation of patriotic values of cadets are revealed. It was determined that the methods and techniques used in the formation process were directed. In directing cadets to love their homeland, respect for their native land, glorify the value of the best traditions of ancestors, strengthen friendship for peace among peoples in the world, the structural nature of the methodological manual developed by the author is given, aimed at the needs of the socio-cultural situation.

Keywords: patriotic values, formation methodology, process model, stage, values.

References:

1. Qasim-Jomart Toqaev: Biz oziq oyli ult retinde tek alğa qaraumız kerek. Egemen Qazagstan. 3.01.2024. [As a forward-thinking nation, we must only look forward. Egemen Qazagstan]. [Elektron. resource]. URL: <https://egemen.kz/article/355466-qasym-zhomart-toqaev>. www.audit-it.ru. [In Kaz.].
2. Memleket bassısı Qasim-Jomart Toqaevtiń Ulttıq qurıltaydıń «Adal adam – Adal eńbek – Adal tabıs» attı üşinşi otırısında söylegen sözi. 2024 jılǵı 15 naurız. [Speech by Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the third session of the National Congress entitled "Honest Person - Honest Work - Honest Income"]. [Elektron. resource]. URL : <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ultyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727>www.audit-it.ru. [In Kaz.].
3. Imanbakayeva, M.G. (2012). Kompetentnostnyy podkhod v patrioticheskom vospitanii [Competency-based approach in patriotic education] [Tekst] / M.G. Imanbakayeva // Vestnik IGU. – Karakol:, – № 33. – P. 32-36.
4. Zinkevich, R.V. (2015). Formirovaniye patriotizma i grazhdanstvennosti u vospitannikov voyenno-uchebnykh zavedeniy Rossii: [Formation of patriotism and citizenship in students of military educational institutions of Russia:] avtoref. ... sakhar. ped. nauk : 13.00.01 Zinkevich Roman Vasil'yevich. – M.,– 173 p.



5. Filipchenko, S.N. (2006). Formirovaniye patrioticheskoy kul'tury kursantov v protsesse obucheniya v voyennom vuze. [Formation of patriotic culture of cadets during the training process at a military universitydis] dok. ped. nauka 13.00.08. -Saratov: - 393 p.

6. Esmagambetov, K.L. (2007). Batırlar tarıxı – ruhanı baylıǵımız [The history of heroes is our spiritual wealth]\ - Almaty:, Qazaq tarıxı. –№ 4, -P.15-19.

Амиргалиев Дидар Ергалиевич	әскери іс және қауіпсіздік магистрі, Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясы арнайы кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан
Амиргалиев Дидар Ергалиевич	магистр военного дела и безопасности, старший преподаватель специальной кафедры Пограничная академия КНБ Республики Казахстан, Алматы, Казахстан
Amirgaliev Didar	master of military affairs and security, senior lecturer of the special department Border Academy of KNB Respublika Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan